

**«ҚОРҚЫТ АТА атындағы ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті» КЕ АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

«Бекітілді»

Хаттама № 2

« 03 » 03 2021 жыл

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕ АҚ
оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлер
лауазымдарына конкурстық орналасу
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда қаласы, 2021ж.

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	3
2.	Конкурс туралы хабарландыру	3
3.	Конкурстық комиссияны қалыптастыру.....	4
4.	Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау...	4
5.	Конкурсты өткізу тәртібі	5
6.	Қорытынды ережелер	7
6.	№1 Қосымша. Бағалау парағы	8
7.	№2 Қосымша. Жасырын дауыс беру бюллетені.....	9

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 43-1 бабы 2) тармағы 3) тармақшасына сәйкес әзірленген және университеттің штаттық кестесінде қарастырылған (бұдан әрі – штаттағы лауазымдар) профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасу тәртібін анықтайды.

2. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуы бос лауазым орны болса (тұрақты және уақытша) жүзеге асырылады.

3. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуына 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сай келетін (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар жіберіледі.

Университеттің қауымдастырылған профессорлар (доцент), профессорлар лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ осы мамандық бойынша танылғын жетістіктерге ие мамандар жіберіледі.

2. Конкурс туралы хабарландыру

2.1. Профессор-оқытушы құрамның және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымы болған жағдайда университет құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурстарында, оның ішінде рекрутингтік порталдарда орналастырады.

2.2. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) профессор-оқытушы құрамының және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының атауы;
- 2) университеттің орналасқан жері, пошталық мекен жайы, телефон көрсетілген атауы;
- 3) құжаттарды қабылдаудың аяқталатын күні мен уақыты;
- 4) лауазымдардың біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

2.3. Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беріледі.

3. Конкурстық комиссияны қалыптастыру

3.1. Профессор-оқытушы құрамның және ғылыми қызметкерлердің бослауымына тағайындауға арналған конкурстық комиссияның (бұдан әрі – конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын және оның өкілеттік мерзімін Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-ректор бекітеді.

3.2. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

1) конкурсқа қатысу үшін барлығына бірдей теңдік мүмкіндік беру;
2) конкурсқа қатысушылардың арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3) әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялы түрде өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру;

4) конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;

5) конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;

6) конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығару болып табылады.

3.3. Конкурстық комиссия мына құрамда құрылады:

1) конкурстық комиссияның төрағасы – университет басшысының орынбасары (проректор);

2) конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – университет басшысының орынбасары (проректор) немесе университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

3) конкурстық комиссияның хатшысы – университеттің штаттық қызметкері;

4) құрамында кемінде үш адам бар конкурстық комиссия мүшелері (жоғары оқу орнының штаттық оқытушылары немесе ғылыми қызметкерлері арасынан, кадрлық қызметтің басшысы, заңгер, кәсіподақ ұйымының өкілдері және Директорлар Кеңесінің бір мүшесі).

4. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау

4.1. Конкурске қатысу үшін Конкурстық комиссия хатшысына қағаз түрінде және электрондық тасымалдағышта төмендегі құжаттар ұсынылуға жатады:

1) конкурсқа қатысу үшін өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;

3) конкурсқа қатысушының 3x4 түрлі түсті сүреті бар қызметтік тізбесі;

4) білім туралы құжат көшірмесімен бірге, салыстыру үшін түпнұсқасы беріледі;

5) жұмыс орны бойынша (қазыргі немесе бұрынғы) кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) профессор-оқытушы құрамының бос лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша жобаның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жобаның презентациясы (электрондық түрде, көлемі 7 слайдтан артық емес)

және ПОҚ үшін электрондық тасымалдағышта сақталған үміткермен өткізілген онлайн сабақ;

7) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған жағдайда);

8) № 075/у нысанындағы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылы 4 қарашада № 21579 тіркелген);

9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбау өтінішті қабылдаудан ерікті нысанда бас тартуға негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесін және біліктілігін растайтын құжаттар бере алады.

5. Конкурсты өткізу тәртібі

5.1. Конкурс мына кезеңдерден тұрады:

1) жоғары оқу орнының профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарға орналасуы үшін үміткерлердің өтінімдерін қарастыру;

2) профессор-оқытушы құрамының бос лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша жобаның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жобаның презентациясы негізінде үміткерлермен әңгімелесу өткізу;

3) конкурстың қорытындыларын шығару.

5.2. Университет:

1) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) конкурс өткізілетін күн мен орынды белгілейді;

3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;

4) Комиссия отырысын ұйымдастырады.

5.3. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды табыс еткен азаматтар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

5.4. Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындау конкурсы сауалнама, тестілеу, әңгімелесу, шығармашылық есеп беру, авторлық әзірлемелерді қорғау, практикалық

тапсырмалар нысанында үміткерлердің қызмет қорытындылары талдамалық жалпылау негізінде өткізіледі, бұл ретте кәсіби деңгейді анықтау үшін әрбір лауазым бойынша үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімдері тексеріледі.

5.5. Әңгімелесудің мақсаты университеттің ерекшеліктерін, үлгілік біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттеріне баға беру болып табылады.

Әңгімелесу қорытындылары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бағалау парағына енгізіледі.

5.6. Конкурстық комиссия шешімі профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына орналастыру үшін конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

Жасырын дауыс беру барысында конкурстық комиссия осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін үміткерді бюллетеньге (бұдан әрі – Бюллетень) енгізу туралы шешім қабылдайды.

5.7. Дауыс беруші тұлға кандидатты қабылдауға келісетіндігін немесе келіспейтіндігін әр кандидаттың аты-жөнінің қасында жазылған "келісемін" немесе "келіспеймін" деген сөздерді белгілеу арқылы білдіреді. Конкурстық іріктеуде бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда, бюллетеньде бірде-біреуінің аты-жөні сызылып тасталмаса, онда ол жарамсыз дептанылады.

5.8. Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс берудің алдында конкурстық комиссия арасынан кемінде үш адамнан тұратын есептеу комиссиясын сайлайды. Есептеу комиссиясы әр кандидатура бойынша берілген дауыстардың нәтижесін жариялайды. Есептеу комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қосады.

5.9. Конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 мүшесі дауыс беруге қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып саналады.

5.10. Кандидат, егер оған комиссия құрамынан қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берген жағдайда оң қорытындыға ие болады. Дауыс берген кезде дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.11. Құпия дауыс берудің нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әр бос лауазымға үміткер бойынша еңбек шартын жасау үшін "жоғары оқу орнының басшысына ұсынылады" немесе "жоғары оқу орнының басшысына ұсынылмайды" деген жазумен ұсынымдар дайындайды.

Комиссия хатшысы конкурсқа қатысқан тұлғаларды конкурстың нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен таныстырады.

5.12. Еңбек шартын жасау конкурстық комиссия отырысы аяқталғаннан кейін 7 жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі.

6.Қорытынды ережелер

6.1.Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысы бар бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен таныса алады.

6.2. Комиссияның шешіміне конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

6.3. Осы Қағидаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу осы құжат қабылданған тәртіппен жасалады.

6.4. Осы Қағидаларды Персоналмен жұмыс және құқықтық мәселелер басқармасымен әзірленді.


Персоналмен жұмыс және құқықтық
мәселелер басқармасының басшысы



С.М.Ильясова

Келісілді:

Оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор



А.Т.Жунисов

Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыстар
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор



Б.А.Прмантаева

Басқарма мүшесі - әлеуметтік және
тәрбие жұмыстары жөніндегі
проректор



Ж.Н.Базартай

Басқарма мүшесі - стратегиялық даму
және қаржы жөніндегі проректор



Н.Ж.Уразбаев

1 Қосымша

Бағалау парағы

Конкурстық комиссия

(ректордың № " " 20 жылғы бұйрығымен бекітілді)

20 жылғы " " отырыс.

Хаттама №

кафедранын/институтын/мектептің

лауазымына

үміткер

Т.А.Ә.(болса)

1 ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ

Біліктілік талаптары	Бағалау өлшемдері					Ескерту
Білімі	сәйкес/ сәйкес емес					
Дәрежесі/атағы	сәйкес/ сәйкес емес					
	5	4	3	2	1	
Кәсіби тәжірибесі						
Кәсіби талаптар (жарияланымдардың болуы, іргелі және/немесе Ғылыми қолданбалы жобаларға жетекші немесе орындаушы ретінде қатысуы, мұғалім студенттердің көзімен сауалнама нәтижелері және т.б.)						
Тілдерді білуі						

2 ПРЕЗЕНТАЦИЯНЫ БАҒАЛАУ

Бағалау критерийлері	5	4	3	2	1	Ескерту
Мазмұны мен тақырыптың сәйкестігі						
Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану						
Жағдаяттық тапсырмалар және кейстердің болуы						
Берілген ақпараттың өзектілігі						
Баяндау мәнері және аудиторияның қатысуы						

3 ӨНГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

Сұрақтар	5	4	3	2	1	Ескерту

4 ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

Шешім	Негіздеме	Ескерту
Бос лауазымға орналасуға ұсынылады		
Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды		

Конкурстық комиссия мүшесінің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Қолы _____ күні _____

2Қосымша

Лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс
Беруге арналған бюллетень

(жоо атауы)

Конкурстық комиссиясы
(ректордың № " " 20__ жылғы бұйрығымен бекітілді)

" " 20__ жылғы отырыс. №__ хаттама

институты

кафедрасының

лауазымына

Жарияланған бірліктер саны _____

№	Үміткердің тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)	Дауыс беру нәтижелері	
		Келісемін	Келіспеймін
1			
2			

Ескерту:

- 1) Аты-жөндері алфавиттік тәртіпте енгізіледі.
- 2) Кандидатураны "Жактап" дауыс беру нәтижелері "Келіспеймін" сөзін сызып тастаумен, ал "Қарсы" дауыс берген жағдайда – "Келісемін" сөзін сызып тастаумен білдіріледі.
- 3) Комиссия мүшесі "Келісемін" деп дауыс берген кандидатура саны жарияланған бірлік санынан аспауы тиіс.
- 4) Аталған қағидаларды бұзу арқылы толтырылған бюллетень жарамсыз деп саналады.

